**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы**

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық» **Оқу қызмет түрі:** Музыка

**Қаңтар айы.** **Өтпелі тақырып:** «Табиғат әлемі»

| | | |
|---|---|---|
| **ҰОҚ тақырыбы:** | «Жасыл шыршалар» қайталау. | |
| **Күні:** 3.01. 2022ж | 1 сағат | |
| **ТОП:** | **Орта топ** | |
| **ҰОҚ-нің мақсаты:** | Таныс әннің, музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажырата алады | |
| **Күтілетін нәтиже:** | Әннің мазмұнын түсініп, жеткізе білуге әрекеттенеді. Балалар ойынға белсене араласады.<br>Әннің әуенін дәл келтіріп, аспаптарда ойнауды имитация арқылы көрсетеді. | |
| **Тілдік мақсат:** | **Балалар:** Ән мазмұнын әңгімелеп беруге әрекеттенеді.<br>Суретке қарап, оркестр, дирижер туралы түсінік алады.<br>Таныс аспаптарды атап, суреттен көрсетеді.<br>**Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:** Дирижер, оркестр, концерт.<br>**Пікір алмасу сұрақтары:**<br>Суретте дирижер не істеп тұр?<br>Қолында не бар? | |
| **Өткен ҰОҚ-нен алған білім** | Өткен сабақтағы әндерді қайталау, еске түсіру, тыңдаған шығармалар не жайында болғанын еске түсіру. Ырғақты әндерге қосылып қимыл-қозғалыстар жасау. | |
| | **ҰОҚ өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату** 0-2 минут<br>**ІІ.Ұйымдастыру** 3-5 минут | Шеңбер бойымен жүріп, шаттық шеңберін жасау.<br>Айналамда ұшып жүр,<br>Ақ мамық қар себелеп.<br>Қалт-құлт еткен бейне бір,<br>Ақ қанатты көбелек.(З. Шүкіров)<br>-Қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Қыс сендерге несімен ұнады?<br>Сыни ойлау, бала үні | Шырша суреті, дид материалдар.<br>Әдіс-тәсілдер:<br>Саралау, бақылау,<br>4К моделі, бала үні. |
| ҰОҚ-нің ортасы<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс** .....минут | **Ән айту:** «Шырша жыры» Сөз: Ә. Дүйсенбиев. Әні: Л.Хамиден<br>Қыс көріністері туралы түсініктерін жеткізеді.<br>Әнді мәнеріне келтіріп, қатты айғайламай, бір – бірін тыңдап орындау.<br>Өнім арқылы саралау, 4К моделі, бала үні.<br>**Әуенді – ырғақты қимылдар:** | |

| | | |
|---|---|---|
| | ***Құрлымдалған қимылды ойын: «Көңілді балалар»***<br>*Балалар көңілді музыка әуенімен серіппе, екі қадам алға және артқа жүріп, аяқты 3 рет топылдатады. Қимылды ырғақпен бірге жасау. Әуенді бірнеше рет қайталап, қимылды есте сақтау.*<br>*Би: «Қояндар биі» (Билеп үйренейік) Би қимылдарын жинақтағы түсініктеме бойынша жасау. Қоян қимылдарын аяқтың ұшымен жеңіл жүгіріп жасау.*<br>*Сыни ойлау, бала үні, жаппай бақылау.* | |
| **IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>*..... минут* | *-Бүгінгі іс-әрекетімізде жылдың қай мезгілін айттық?*<br>*-Қандай ән үйрендік?*<br>*-Қандай әуенге қимылдар жасадық?*<br>*-Бидің аты қалай?* | |

Тексерушi: [signature] Берапова Г.Б.

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы**
**Білім беру саласы:** «Шығармашылық» **Оқу қызмет түрі:** Музыка
**Қаңтар айы.** **Өтпелі тақырып:** «Табиғат әлемі»

| | | |
|---|---|---|
| **ҰОҚ тақырыбы:** | | «Қыс қызығы» |
| **Күні:** | 6. 01. 2022ж<br>10.01.2022ж | 2 сағат |
| **ТОП:** | Орта топ | |
| **ҰОҚ-нің мақсаты:** | Әнді мәнерлеп айтадыа, дауыс ырғақтарын жаттығу арқылы дамытады. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | Балалар күлдіргіштер музыкасың тыңдай отырып, күлдіргіштердің іс-әрекетін елестетеді.<br>Балалар топтарға бөлініп, әр аңның әуенін үйреніп, сол аңға тән қимылды жасауға талпынады.<br>Балалар алған әсерлерін жауап беру арқылы жеткізеді.<br>Әуенге сай аңдардың музыкасың ажырата біледі. | |
| **Тілдік мақсат:** | **Балалар:** Қойылған сұрақтарға көңілдене жауап береді, өз ойларын білдіріп, әңгімелейді.<br>**Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:** қарқ-қарқ, бытбылдық, бозторғай, көкек.<br>**Пікір алмасу сұрақтары:**<br>Қандай құстарды білесіңдер?<br>Құстардың қандай пайдасы бар? | |
| **Өткен ҰОҚ-нен алған білім** | Өткен іс-әрекет кезінде бастап үйренген көрініс биді естеріне түсіріп, әрі қарай жалғастырып үйренеді. | |

| **Жоспарланған уақыт** | **ҰОҚ өтілу барысы**<br>**Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**II.Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | **Музыкалық сәлемдесу.**<br>Жеделхат келеді. оқиды: «аққала көмекке шақырады».<br>«үш аю өз өнерін көруге шақырады» «қояндар жарысқа шақырады». | Тақырып бойынша көрнекіліктер<br>Әдіс-тәсілдер:<br>Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні. |
| ҰОҚ-нің ортасы<br>**III. Тақырып бойынша жұмыс**<br>.....минут | Балаларды алаңға «кысқызығы» ойын-сауығына шақыру.<br>Жетекші: кыс қызығы басталды, ойнап апасып салайық, сазды әуенмен мәнерлеп, ырғақты әнге салайық.<br>**«Шаңғы тебеміз»** Е.Тиличеева. Жаттығуымен Аққалаға көмекке баратындарын түсіндіреді.<br>Сыни ойлау, бал үні.<br>Құрлымдалған ойын: «Аққаланы қай топ бірінші қалап бітіреді». Шарты: Қағаздан аққала құрастыру.<br>**«Қыс»** әнін Аққалаға айтып беру керегін айтады. | |

| | | |
|---|---|---|
| | *4К моделі, бала үні.*<br>*Ән жаттығуымызды айтып, енді Үш аюдың өнерін көруге барайық.*<br>*Пед жет ойын: «көңілді ырғақ».*<br>*Қоян дирижер рөлінде.*<br>*Ырғақпен өлшемге арналған ойын. Жай, бірте бірте жылдам және тезырғақ.* | |
| ***IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*..... минут* | *Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау* | |

Тексерілді: Баракова Ж-Б.

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы**

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық» **Оқу қызмет түрі:** Музыка

**Қаңтар айы. Өтпелі тақырып:** «Табиғат әлемі»

| | | |
|---|---|---|
| **ҰОҚ тақырыбы:** | | **«Ормандағы кішкентай тұрғындар»** |
| **Күні:** | **17. 01. 2022ж** | |
| **ТОП:** | **Орта топ** | **1 сағат** |
| **ҰОҚ-нің мақсаты:** | Музыканы есту қабілетін дамиды, ырғақты ажырата біледі. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | Әуенді әуенмен қалықтап ұшуды, қанаттарын жоғары-төмен майыстыра құс қимылдарын жасайды<br>Ойынға қызыға қатысады, музыканы тыңдап, жуан-жіңішке дыбыстарын айтады.<br>Балалар әндерді тыңдауға, айтуға, жаттауға тырысады. | |
| **Тілдік мақсат:** | **Балалар:** Қойылған сұрақтарға көңілдене жауап береді, өз ойларын білдіріп, әңгімелейді.<br>**Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:** қарқ-қарқ, бытбылдық, бозторғай, көкек.<br>**Пікір алмасу сұрақтары:**<br>Қандай құстарды білесіңдер?<br>Құстардың қандай пайдасы бар? | |
| **Өткен ҰОҚ-нен алған білім** | Балалар өткен сабақтардағы сұрақтарға жауап береді | |

| **Жоспарланған уақыт** | **ҰОҚ өтілу барысы**<br>**Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**ІІ.Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | Балаларды көңілді күймен қарсылалады.<br>Бүгін барлығы сиқырлы орманға барамыз.<br>Сыни ойлау, бала үні.<br>**«Табиғат құбылысы»** (үнтаспадан тыңдалады)<br>балаларға жауып тұрған қар ұшқандарын көз алдына елестетеді, аяқ ұшымен жүгіруді,қолдарымен қар ұшқандарын ұстауды сұрайды. | Доптар, шаршылар.<br>**Әдіс-тәсілі:** 4К , бала үні, жанама бақылау, саралау. |
| ҰОҚ-нің ортасы<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>.....минут | Музыка әуенімен педагог жүгіре басып, үлкен қарды алақанына салып алып келеді.<br>-Балалар, қардың сендерге айтар хабары бар екен.<br>Құртақандар көмекке шақырады, орманға барамыз құртақандарды табамыз.<br>Жылдам жүгіреміз, адымдап жүреміз.<br>Деп балаларға дауыс жаттығуын жасатады.<br>Мазмұн арқылы саралу, 4К моделііі бала үні<br>**Дауысжаттығуы: «баспалдақ» Е.Тиличеева.** жаттығуды айтқызады,үйретеді.<br>Балаларды отырғызып, демалуын сұрайды. | |

| | | |
|---|---|---|
| | ***Әнүйрену: «кыс»*** *Б.Жүсібалиев. А.Ақылбеков.*<br>*Балаларға әнді жаттатып үйрету.*<br>*4К моделі, бала үні.*<br>***Пед жет ойын: «шанғы тебеміз»*** *(Е. Тиличеева.)*<br>*Асыр салып ойнаймыз,*<br>*шаңғыларды байлаймыз.*<br>*Ырғақпенен қозғалып,*<br>*жаттығуды жасайық.*<br>*-Бүгін бізге кімдер келді?*<br>*-сендерге аспапта ойнаған ұнады ма?*<br>*Бала үні.* | |
| ***IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*..... минут* | *Балаларды мадақтайды.* | |

Тексерілді. Бнф Баракова 22-5

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы**

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық» **Оқу қызмет түрі:** Музыка

**Қаңтар айы.** **Өтпелі тақырып:** «Табиғат әлемі»

| | | |
|---|---|---|
| **ҰОҚ тақырыбы:** | | |
| **Күні:** | 20. 01. 2022ж.<br>24.01.2022ж | **Қуыршақ театры: «Ақтөс пен марғау»**<br>2 сағат |
| **ТОП:** | **Орта топ** | |
| **ҰОҚ-нің мақсаты:** | Музыканы тыңдауды, музыканың көңілді-көңілсіз, жуан-жіңішке түрлерін ажырата біледі. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | **Балалар:** Музыкалық шығармалардың қарапайым формаларын, яғни кіріспесі мен қайырмасын ажырата алады.<br>Қарапайым әуендерді сүйемелдеумен таза айта алады.<br>Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеусіз таза интонациялап, есту қабілеттеріне сүйеніп ән сала алады. | |
| **Тілдік мақсат:** | **Балалар:** Айнала қоршаған орта туралы әңгімелей алады.<br>Толық жауап беруге дағдыланады, пікірталасқа атсалысады.<br>**Сөздік жұмыс:** Ырғақ, кіріспе, қайырма, ансамбль, жай және жылдам, асықпай, тез.<br>**Пікір алмасу сұрақтары:**<br>Музыкада жылдамдықтар әртүрлі болады, неліктен деп ойлайсың? Музыканы тыңдай отырып не елестетесің? Қыс мезгілі саған ұнай ма? Қыста ойналатын қандай ойындарды білесің? Сырғанақта ойнаған саған ұнай ма? | |
| **Өткен ҰОҚ-нен алған білім** | Балалар өткен сабақтарда айтқан өлеңдерінен педагогпен бірге қысқаша попурри айтады. | |

| **Жоспарланған уақыт** | **ҰОҚ өтілу барысы**<br>**Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**ІІ. Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | Музыка жетекшісі балалардың тобына барып, «қуыршақ театрын» көруге шақырады.<br>Жетекші балаларды Ертегіші кейпінде қарсылалады, амандасады.<br>Ертегіші: балалар, бүгін бізге қонаққа Марғау мен Ақтөс келді.<br>Оларбір-бірімен келіспей, бір нәрсеге таласып жатқан сияқты.<br>Тыңдап көріндерші. (қуыршақтардың дауысын<br>Ертегіші өзі салып ойнайды.) марғау (даусы алыстан естіледі).<br>Мияу-мияу, мен айтамын.<br>Ақтөс: әуп-ауп, мен айтамын.<br>Ертегіші. Дауыстарын естіп тұрсыңдарма, балалар?<br>Мысық Марғау қалай дыбыстайды?<br>Ал Ақтөс ше?<br>Марғау: мияу-мияу,мен айтамын.<br>Ақтөс: мен айтамын, әуп-әуп.<br>Ертегіші: ақтөс, марғау, сендер неге таласып жатырсыңдар? | Тақырып бойынша көрнекіліктер |

| | | |
|---|---|---|
| | *Ақтөс: «жасыл шырша жанында» әнін мен айтамын (мұңайған кейіп танытады).*<br>*Ертегіші: сендер таласпаңдар, әнді бірге айтыңдар, ал біз сендерге көмектесеміз.*<br>*-балалар, Марғау мен Ақтөс көңілді ме, жоқ, көңілсіз бе?*<br>*Мазмұн арқылы саралу,Блум таксономиясы, сыни ойлау, бала үні,* | |
| *ҰОҚ-нің ортасы*<br>***III. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*........ минут* | ***Музыка тыңдау:*** *«Сәлемет пе, Аязата» ақтөс пен Марғау көңілдене қосылып айтады.*<br>*Марғау жылайды.*<br>*Ақтөс: сен неге жылап отырсың?*<br>*Марғау:Қазыр сен кетіп қалсаң, Түлкі мені алып кетеді.*<br>*Ақтөс: онда біз түлкіні алдаймыз. Сен менің үйіме кіріп жат.*<br>*Ертегіші: балалар, түлкі келгенде қалай алдаймыз, көмектесесіндер ме?*<br>*Түлкі:(келеді) Мен Түлкімін, Түлкімін, қайда кетті мысығым?*<br>*Ертегіші: Түлкішек, сен кімді іздеп келдің?*<br>*Түлкішек: мен Марғауды Жаңа жылымен құттықтайын деп едім.*<br>*Ертегіші: түлкішек, сен бізге өнеріңді көрсетсен*<br>*біз саған Марғауды тауып береміз.*<br>*Түлкішек: сендер маған қандай ән сыйлайсындар?*<br>*Ертегіші:Біз саған «**Жасыл шырша жанында»** әнін тарту етеміз.*<br>*4К моделі, бала үні.*<br>*Түлкішек: Рахмет, достарым! Менің дорбамда сендерге алып келген тапсырмам бар.*<br>*Түлкішек: мына сандықшаның ішінде түрлі текшелер бар екен,текшелерді сендерге сыйға тартамын, ал сендер шешуін табыңдар.*<br>*Түлкі сандықшаны ашып, ойындарды балаларға үлестіреді.*<br>*-сендер текшеге қарап, ондағы қимылдарды көрсете аласыңдар ма?*<br>*Ертегіші балаларға би қимылдарын музыка сүйемелдеумен қайталауды ұсынады.*<br>***Пед жест ойын: «сөйлейтін бубен».***<br>*«шапалақ» «секіру» «жұптасу» қимылдарын көрсетуді ұсынады.*<br>*Дорбаның ішінен тағы да Қасқыр мен Қояндардың суреті шығады.*<br>*Ертегіші: түлкі,саған көп көп рахмет.сенің алып келген тапсырмаларыңды біз жақсы орындадық.*<br>*Енді біз саған Марғауды тауып береміз, ол үшін*<br>*екеуің тату болуларың керек,-деп Марғауды шақырып екеуін татуластырады, қоштасады.* | |
| ***IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*....... минут* | *Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау* | |

Тексерілді: б/ф Баракова Л.Ж.